

Оқу-білім туралы


Жүсіп Баласағұн

Абай Құнанбаев

“Құтты білік” дастанында оқу-білім, ғылым мәселелеріне арналған арнайы тараулары бар. Ол:

“Ақыл, білім бейне кісен кісіге,
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне”,
- дей отырып, білімді кісендеп қоюға болмайтынын, ол бейне бір жұпар гүлдің иісі сияқты, өзінен-өзі тез тарап кететінін айта келіп, әйтсе де білімді адам айтқан сөздің әрқашанда сөз ұғатын адамға жеткені дұрыс деп біледі.

Жүсіп Баласағұнның оқу-білім жайлы осы ой-пікірі Абайдың “Білімдіден шыққан сөз” деген өлеңімен үндес болып келеді.




Жүсіп Баласағұн

**Жүсіп Баласағұн:
“Адамның адамнан
айырмасы көп.
Бірақ ең басты айырмасы
білімі болып табылады” –
дейді.**



Абай Құнанбаев

**Ал Абай өзінің “Он
сегізінші сөзінде” осы
пікірді қазақ оқырманына
төмендегідей түрде
жеткізеді: “Тегінде, адам
баласы адам баласынан
ақыл, ғылым, ар, мінез
деген нәрселерімен озбақ.
Онан басқа нәрсеменен
оздым ғой демектің бәрі де -
ақымақтық”.**



Жүсіп Баласағұн



Абай Құнанбаев

Жүсіп Баласағұн “Құтты білік” дастанында білімді үйрену үшін жасымайтын күш-қайрат, көрсеқызарлыққа салынбайтын мінез-құлық, таза ниет, төзімділік қажет деген пікір айтады: Ерге керек төзімділік, күш-қайрат, Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап. Ақыл керек, білім таңдап аларға, Білім керек, іске жақсы қарарға.

Абай өзінің «Отыз екінші қара сөзінде»: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ», - дейді.

Тәлім – тәрбие, әдептілік туралы

Жүсіп Баласағұн

Абай Құнанбаев

Жүсіп Баласағұн “Құтты білік”

дастанында адам туғаннан ақылды,
білімді болып тумайтынын, естіп,
көріп барып қана ақыл-парасаты
артатынын оқырманға зор
шеберлікпен жеткізеді:

Ешкім іштен данышпан боп
тумайды,
Сөйлеуді, ақылды біртіндеп
үйренеді.

Адам үйрене келе білімді болады,
Әрбір істі білімді адам тындырады.

Ал Абай өзінің “Он
тоғызыншы қара сөзінде”:
“Адам ата-анадан туғанда есті
болмайды: естіп, көріп, ұстап,
татып ескерсе, дүниедегі
жақсы, жаманды таниды-дағы,
сондайдан білгені, көргені көп
болған адам білімді болады.
Сол естілерден естіп, білген
жақсы нәрселерді ескерсе,
жаман дегеннен сақтанса,
сонда іске жарайды, сонда адам
десе болады”, -деп жазады.